

**Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 9 қаңтардағы "2009 жылғы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" N 25 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 16 шілдедегі N 309 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 5 тамызда N 7-7-92 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 10 қазандағы N 816 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 10.10.2014 N 816 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20 бабы, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтарындағы Заңын іске асыру бойынша шаралар туралы" 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысына және Қазақстан Республикасының "2009-2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заңын басшылыққа алып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің "2009 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" 2009 жылғы 9 қаңтардағы N 25 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне 7-7-83 нөмірмен тіркелген, 2009 жылы 28 ақпандағы "Ауыл тынысы" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

қорсетілген қаулымен бекітілген қосымша осы қаулыға қосымшыға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен қолданысқа енгізіледі және 2009 жылғы 1 шілдеден бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

*Аудан әкімінің м.а.*

*Г. Құлжанова*

1 қосымша  
Аудан әкімдігінің  
2009 жылғы 16 шілдедегі  
N 309 қаулысына

**Зеленов ауданы бойынша 2009 жылғы  
қоғамдық жұмыстардың түрі, көлемі,  
нақты жағдайлары, қатысушылардың жалқы  
мөлшері, қаржыландыру көзі және қоғамдық  
жұмыстарды ұйымдастыратын мекемелердің  
тізімі**

N п / п	Мекемелердің тізбесі	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Бағдарлама бойынша қоғамдық жұмысқа таратылады, адам	Қаржының көзі
1 2	Аудан бойынша Ауыл округтері	1. Елді мекендерді санитарлық тазарту, көгаландыру және абаттандыру, орман саябағы шаруашылығын қорғау және д а м ы т у . 2. Жол салуда, жөндеуде және күтудегі қосалқы жұмыстар. 3. Тұрғын үйді, әлеуметтік-мәдени саладағы объектілерді жөндеудегі қосалқы жұмыстар. 4. Әлеуметтік-мәдени саладағы объектілерді қысқы жағдайдағы жұмысқа дайындаудағы қосалқы жұмыстар. 5. Республикалық және аймақтық қоғамдық шараларға қатысу (қоғамдық ой- пікірін сұрастыру, халықтың санағын және малбасының есебін алу, референдум мен сайлау өткізу, мүлікті жариялау, әлеуметтік карталар мен қужаттарды құру, күзгі және көктемдік қарулы күштер қатарына шақыру т.б.). 6. Көлемдік мәдениеттік шараларға қатысу (спорттық жарыстар, фестивальдар, балалар спорт алаңдарын тұрғызу т.б. 7. Селолық округтерінің аумағындағы үй-малбасы мен төлдердің есебі.	346	Жергілікті бюджет

**кестенің жалғасы**

N п/ п	Мекемелердің тізбесі	Қоғамдық жұмысқа бөлінген қаржының жалпы қоры, млн.теңге		Қоғамдық жұмысқа қатысқан 1 адамның төлемақысының мөлшері теңге	Жұмыстың көлемі
		Жалақы млн.тг.	Соның ішінде демалыс өтем ақысы млн.тг.		
1. 2.	Аудан бойынша Ауыл округтері	19.380	1.6	13717	221760 172184 5280 10560 5280 14896 3000 10560

